

ДӘРІС 5. Аймақтық экологиялық саясатты қалыптасыру және іске асыру факторлары. Қазсқатан аймақтарын дамытудың табиғи-ресурстық факторы. Табиғи жағдайларды саралау аймақтық экологиялық саясатты қалыптастыру факторы ретінде. Табиғи ресурстардың аумақтық үйлесімі. Ұлттық байлықты қалыптастырудағы аймақтардың табиғи-ресурстық әлеуетінің рөлі. Аймақтық экологиялық саясатты қалыптастырудың табиғи-географиялық, әлеуметтік-демографиялық және экономикалық факторлары. Қазақстан аймақтары шаруашылығының салалық құрылымындағы айырмашылықтар. Аймақтардың экологиялық даму деңгейінің экономикалық көрсеткіштері (ЖІӨ, жан басына шаққандағы табыс және т.б.). Аймақтардың экологиялық даму сипаты: депрессивті, проблемалық, артта қалған және олардың даму перспективалары Негізгі қорлардың тозу проблемасы. Аймақтардың инвестициялық климаты. Инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін жағдайлар жасау.

Экологиялық саясат - экологиялық жағдайды және елдің табиғи ресурстарын ұтымды жұмсауды қамтамасыз етуді басқару мақсатында мемлекетпен қабылданған арнайы саяси, экономикалық, заңнамалық және өзге де шаралардың жүйесі. Мемлекеттік экологиялық саясаттың мақсаты - экономиканың, қоғамның, табиғаттың үйлесімді, тепе-теңдікте дамуын қамтамасыз ету. Экологиялық саясаттың жалпы мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналуы (әскери, мәдени, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, ақпараттық және т.б. сияқты) дамыған елдерде 1970\1980-шы жылдары жүзеге асты және ол экология саласында дағдарысты құбылыстардың артуымен байланысты болды. Кез келген мемлекеттің экологиялық саясатының негізін ресми қабылданған экологиялық мәселелерді шешудің жалпы тұжырымдамасы құрайды. Бұл тұжырымдама тікелей мемлекеттік экологиялық саясаттың сипатын және билік органдарының елдің әлеуметтік - экономикалық дамуы кешенінің экологиялық қырларына тәсілін айқындайды.



Негізгі принциптері. Экологиялық саясаттың негізгі принциптері, міндеттері және шаралары заңнамалық актілер, "қоршаған ортаны қорғау туралы заң", үкімет бағдарламалары және т. б. анықталады.

Саясаттың жүзеге асырылуына маңызды ықпал ететін жағдайлар. Экологиялық саясаттың жүзеге асырылуына маңызды ықпал ететін жағдайлар:

- нақтылы мемлекеттің аумағындағы экологиялық мәселелердің ұшығуы;
- экологиялық жағдайлардың ушығуынан туындайтын әлеуметтік-экологиялық мәселелердің сипаты;
- экожүйе қызметінің бірқатар аса маңызды мәселелерін шешуде ғылыми екіұштылықтың болуы; ресурстық, оның ішінде қаржылық шектеулер;
- ресурс жинақтаушы және табиғатты қозғаушы технологиялардың, оның ішінде, қалдықтарды жою мен қайта өңдеу мәселелерінің нақтылы шешілу деңгейі;
- өндірістің экономикалық тиімділігі және экологиялық таза өнімнің бәсекеге қабілеттілігі;
- халықтың әлеуметтік жауабы;
- халықаралық міндеттемелер.

Табиғат және қоршаған ортаны қорғау.
Отын – энергетикалық және минералдық
шикізат ресурстары. Қазақстан
Республикасының отын – энергетика және
минералдық шикізат ресурстарының
жалпы сипаттамасы. ҚР жер, орман, су,
биологиялық ресурстарының жалпы
сипаттамасы.

Табиғат - адам баласының тіршілік
тынысы әрі таусылмас қазынасы. Адам
табиғаттың туындысы ретінде біте
қайнасып, өміріне қажетті азық қорын
осыдан алады. Биологиялық түр ретінде
алғашқы адамдар табиғат ресурстарын
тұрпайы күйінде пайдаланып келді. Бертін
келе, саналы түрде үй шаруашылығымен
айналысып, өсімдіктерді баптап өсіріп,
жануарлардың кейбір түрлерін қолға
үйретті.





Адам баласының саны артқан сайын табиғат байлықтарын пайдалану еселеп өсті. Енді бос жатқан жердің, судың иесі табылып одан әрі жер мен оның байлығы үшін талас-тартыс өрбіді. Осының бәрі табиғатқа бұрынсоңды болмаған шығын әкелді. Алғашында табиғат қорлары сарқылмайтын сияқты көрінгенімен, бірте-бірте оның қоры таусыла бастағанын адам баласы сезінді. Мысалы, дүние жүзіндегі орман қоры 40 млн. км² деп есептесек, оның соңғы 150 жыл ішінде 35 %-ы кесілген екен. Соңғы ғасырда өмір сүрген адамзат қауымдастығы табиғатты қорғау қажет екенін түсіне бастады. Ол үшін табиғат қорларын есепке алып, оны тиімді пайдалану керектігін ұғынды.

ҚР «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында экологиялық нормалау негіздері айқындалған қолайлы табиғи ортаны сақтау, экологиялық қауіпсіздікке кепілдік беру үшін табиғи ортаға шаруашылық және өзге әрекеттерді мемлекеттік реттеу мақсатымен табиғат қорғау және пайдалану саласында экологиялық нормалау жүргізіледі. Нормалаудың мағынасы табиғи ортаның сапасын, оған жол берілетін әсерлерді, нормаларды, стандарттарды және өзге нормалық құжаттарды белгілеу. Нормативтер қазіргі ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде халықаралық ережелер мен стандарттарды ескере отырып жасалады және қолданысқа енгізіледі. Нормалау жұмыстары мыналарды қамтиды:

- нормаларды айқындау, ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізу;
- белгіленген тәртіппен сараптамадан өткізу, бекіту және жариялау;
- нормалар қабылдау немесе өзгерту негіздерін анықтау;
- нормалардың орындалуын, қолданысын бақылау;
- нормативтердің біртұтас ақпарат базасын қалыптастыру;
- нормалар қолданудың экологиялық, әлеуметтік және экономикалық салдарын бағалау және болжау.
- Қоршаған ортаның сапасының нормативтері табиғат жүйелерін, өсімдіктер мен жануарлардың және басқа организмдердің табиғи жағдайын бағалауға белгіленеді.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ (АҚТ). (АҚТ) бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) экономикалық даму мен экономикалық өсу деңгейін анықтайтын ең дәл ерекшелік. Салыстырмалылықтың барлық көрсеткіштері ортақ валюта — АҚШ ФРЖ долларымен есептеледі. Халықаралық экономикалық салыстыруларды қабылданғандай әдеттегі ұлттық валюталардан айырбастау кезінде, нарықтық айырбас бағамдары емес және сатып алу мүмкіндігінің теңдігі бойынша жүзеге асырылады. Деректердің кестелерін талдау кезінде елдердің әр түрлі ұлтты шоттар жүйелерін пайдаланатынын атап өту керек.





Негізгі қорлардың кез келген объектілері табиғи және сапалық тозуға ұшырайды, яғни адам күшімен, техникалық және экономикалық факторлардың ықпалы арқылы олар өзіндік ерекшелігін, үлгісін бірте-бірте жояды, жарамсыздыққа әкеледі, сөйтіп алдағы кезде өз бернелерін орындауға мүмкіндіктері болмайды. Табиғи тозу жөндеу, қайта құру және негізгі қорларды жаңғырту арқылы ішінара қалпына келеді.

Сапалық тозуы ескірген негізгі қорлар өзінің конструкциялық, өнімділік, үнемділік, шығарылған өнімнің сапасы жөнінен жаңа үлгіден қалып қоятынын білдіреді.

Сондықтан, негізгі қорларды әсіресе, олардың активтік бөлігінен дүркін-дүркін ауыстырып отырудың қажеттілігі туады. Осыған байланысты қазіргі экономикада айырбастаудың анықтаушылық қажеттіліктің басты факторы — сапалық тозу болып табылады.

Тозудың екі түрі болады: табиғи және сапалық (моральдық, заман талабына сай келмеуі). Негізгі қорлардың табиғи тозуы олардың өндіріс үдерісіне қатысу нәтижесінен және негізгі капиталдың пайдалануға тікелей қатыспай-ақ түрлі сыртқы факторлардың әсерінен: ылғалдан, атмосфералық құбылыстар нәтижесінен, металдардың тот басуынан, ескіруінен (тозудың табиғи нысаны) пайда болады.

Моральдық тозу – жабдықтың техникалық прогреске байланысты ескіріп құнсыздануы. Неғұрлым жетілдірілген және өнімді машиналардың пайда болуы нәтижесінде пайдаланылып жүрген машиналар табиғи қалпына және өндірісте пайдалану дәрежесіне қарамастан моральдық жағынан ескіріп құнсызданады.

Амортизациялық аударымның мөлшері олардың қызмет мерзімін есепке алғанда бастапқы негізгі қорлардың құны амортизациясының мөлшерімен анықталады. Осыған байланысты амортизациясының мөлшері мына төмендегі формуламен есептеледі:

$$M_A = x \cdot 100\%$$

мұнда M_A – негізгі қорлардың жыл ішіндегі амортизация мөлшері, %;

$K_{бк}$ - негізгі қорлардың бастапқы (баланстық) құны;

$K_{ж}$ - жойылу құны;

M_k - негізгі қорлардың қызмет мерзімі.

Амортизация мөлшері негізгі қорлардың құнын өтеудегі жылдық проценті болып табылады. Ол экономикалық тұрғыдан негізделіп, негізгі қорлардың өз уақытында орнын толтырып тұруы қажет. Оларды есептегенде мақсатқа сәйкес негізгі қорлардың қызмет мерзімдерін мына төмендегі факторларға сай дұрыс анықтау өте қажет:

- негізгі қорлардың төзімділігі;
- сапалық тозу;
- техникамен қайта жарақтандырылудағы келешекке арналған жоспар;
- жабдықтау балансы;
- жаңғырту және күрделі жөндеу мүмкіндігі.